Оқушылардың инженерлік дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін маңызды құралдардың бірі — 3D модельдеу. 3D модельдеуді үйрету арқылы оқушылардың негізгі жобалау принциптерін меңгертуге, кеңістіктік ойлауларын дамытуға және сандық сауаттылық дағдыларын арттыруға болады. 3D модельдеу абстрактілі теориялық білімнен практикалық қолданысқа көшуге мүмкіндік береді. Сандық модельдерді жасау арқылы оқушылар өлшемдермен, масштабпен және геометриялық конструкциялармен жұмыс істеуді үйренеді. 3D басып шығару құралдарын пайдалану арқылы оқушылар өздерінің жобалық жұмыстарында нақты, физикалық нәтижеге қол жеткізеді және осы арқылы қызығушылықтарын арттырады. Инженерлік дағдыларды дамыту пәнаралық интеграцияны, жобалық және мәселелік оқыту әдістерін және техникалық шығармашылық принциптерін түсінуді талап етеді. Осы орайда, инженерлік білім беруге байланысты онлайн-ресурстардың пайдасы көп. Мұндай онлайн-ресурстардың мақсаты - инженерлік білімді барлығына қолжетімді ету, мұғалімдерге көмектесу, жан-жақтан ұсынылған материалдарды бір ортаға біріктіру, инженерлік іске оқушылардың қызығушылығын арттыру.

Зерттеу жұмысының мақсаты – жалпы инженерлік білім берудің шетелдік тәжірибелеріне шолу жасау, соның ішінде стандарттар мен онлайн-ресурстарына талдау жасау, сондай-ақ, орта мектеп оқушыларының инженерлік салаларға деген көзқарастарын анықтау, сол арқылы ой қозғау болып табылады. Осы мақсатта орта мектеп оқушыларының арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесі бойынша оқушылардың инженерлік білімге деген аздаған қызығушылықтары бар екені байқалды. Дегенмен мамандандырылған мектеп-лицейі мен орта мектеп білім алушыларының нәтижелерінің жақындығы арқылы инженерлік білімге деген жүйелі әдістеменің жоқ екендігі байқалды. Оқушылардың инженерлік дағдыларының деңгейі өте төмен, инженерлік білімге қатысты қарапайым ұғымдарды ажырату оларға қиынға соғатыны көрінді.

Әдеби шолу. Бүкіл әлем бойынша академиялық институттар STEM білім беруді және онымен байланысты оқу бағдарламаларын көп жағдайда мемлекеттік қолдау арқылы жүзеге асыруда. 2001 жылы АҚШ Ұлттық ғылым қоры STEM терминін енгізді. Оқушылардың XXI ғасырдағы жоғары технологиялық жұмыс орындарына жеткілікті түрде дайын еместігі туралы алаңдаушылық STEM қозғалысының пайда болуына әкелді (Ferrari et al., 2020).

STEM білім беру пәнаралық оқытудың барлық контексттерінде және шынайыны терең түсінумен үздіксіз болуы керек екенін мойындауға негізделген (Dierking et al., 2020). STEM білім беру практикалық сипаттағы көп өлшемді білімді білдіреді. Бұл жаңа ұрпаққа 4C ұғымын (communication, collaboration, creativity, critical thinking), яғни қарым-қатынас, ынтымақтастық,

шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлауды таныстыруға бағытталған педагогика мен философия (Guo et al., 2016).

STEM білім беру инженерлік тапсырмалар мен мәселелерді шешуге қажетті инженерлік жобалау процесіне басты назар аударады. Көптеген зерттеулердің нәтижелері STEM білім берудің білім алушылардың бүгінгі қоғамдағы ғылым, технология, инженерия және математиканың рөлі туралы хабардар болуына тиімді қолдау көрсете алатынын көрсетеді. Орта мектеп мұғалімдері практикалық инженерлік іс-әрекеттер оқушыларға математикалық және ғылыми ұғымдарды меңгеру үшін әсіресе пайдалы болады деп есептейді (Asghar, et al., 2012). Инженерлік жобалау процесі арқылы оқыту STEM педагогикасы ретінде жобалық тәсілді пайдалана отырып, пәндерді біріктірудің тиімді тәсілі екенін білдіреді (Margot, et al., 2019). Инженерлік жобалау процесі студенттерге әлеуетті жобалық шешімдерге эксперименттер жасау және жүргізу үшін математикалық және ғылыми ізденістерді пайдалануға мүмкіндік береді (Kelley et al., 2016).

Оқушылар бір затты құрастырған, жасаған және тәжірибе жасаған кезде олар инженерияның күнделікті өмірге және болашақ технологияларға қалай әсер ететінінің тікелей бағасын алады. Бұл белсенді оқыту тәсілі балаларға тек оқулықтардан оқуы мүмкін теориялардың практикалық қолданбаларын көруге көмектеседі. Мысалы, қарапайым машина жасау оларға механикалық артықшылықты абстрактілі ой ретінде емес, нақты, бақыланатын құбылыс ретінде түсінуге көмектеседі.

АҚШ-та 2013 жылы NGSS (Next Generation Science Standards) жарияланған кезде, олар ғылымды оқытудағы инженерияның маңызды рөлін атап өтті (NGSS Lead States, 2013). Іс жүзінде олар инженерлік тәжірибені ғылыми ізденіс деңгейіне қойды. Мақсаты әдетте контекстке қатысты мәселені шешу үшін прототиптерді сынауды қамтитын инженерлік жобалау мәселелері болды (Moore et al., 2014).

Инженерлік білім беру ғылымның бөлігі ме, әлде жеке пән ретінде қарастырыла ма, оның табиғаты әлі де қызу талқылануда, және бұл мектептер мен мұғалімдерге белгілі мәселелер туындатуда. Бірқатар зерттеулерде оқушылардың инженерлік сауаттылығын анықтайтын негізгі өлшемді қамтитын құрылымдар (Moore et al., 2014), инженерлік білімін бағыттау үшін инженерлік табиғаттың тоғыз негізгі ерекшеліктер ұсынылды (Cunningham et al., 2017).

Инженерлік пәндердің кең ауқымы оқыту нәтижелерін анықтаудың қиындығы болып табылады. Кәсіби инженерлік салаларға механикалық, аэроғарыштық, химиялық және өнеркәсіптік инженерия және т.б. кіреді, олардың әрқайсысында бірегей білім жиынтығы бар. Мұғалімдер осы салалардың барлығынан мазмұнды қалай қамтуы мүмкін? Оның орнына, оқушылардың білімі әдетте жобалау процесімен байланысты жалпы инженерлік тәжірибеге бағытталған ашық мәселенің шешімін жасауға тырысады (Martin, et al., 2015).

Келесі бір зерттеуде бұл тәжірибелерді ашық мәселені шешу үшін бес кезеңді талап ететін қайталанатын және жүйелі процестің бөлігі ретінде анықталады (Carobianco et al., 2013). Бұл қадамдарға мәселені анықтау, жоспарды әзірлеу, прототипті құру және сынау, кері байланыс жинау және жобаны жақсарту кіреді. Авторлар бұл процеске ғылыми концепцияларды кіріктіруге ерекше мән береді. Мысалы, мұғалімдер студенттерді сынақ нәтижелерін түсіндіру үшін ғылыми ұғымдарды қолдануға шақыруы мүмкін.

Зерттеушілер инженерлік оқу бағдарламасы STEM салаларына қызығушылық пен табандылықты арттыру үшін студенттердің STEM мансаптарына деген көзқарасын өзгерте алатынын зерттеуде. Осыған орай, келесі зерттеу оқушылардың инженерлік салаларға деген көзқарасы мен орта мектеп оқушыларының инженерлік мансапқа деген қызығушылығы арасында оң корреляция бар екенін анықтады (Ciftci et al., 2020).

Зерттеулердің тағы бір бөлігі мұғалімдерді инженерлік оқытуға тиімді дайындау туралы болды. Инженерлік жобалау процесі оқушылардан ашық мәселеге бірегей тәсілдер қабылдауды талап етеді, бұл мұғалімдерден терең мазмұнды білімді талап етеді. Сыныптағы уақыт пен жоспарлау уақытына қойылатын талаптардың артуы оқушыларды шынайы жоба шешімдеріне бағыттаудағы қиындықтармен қатар инженерлік сабақтарға үлкен кедергі болды. Тиімді инженерлік оқыту жаңа педагогиканы зерттеу және нұсқауларды енгізу кезінде тәуекелге баруды талап етеді (Radloff et al., 2019).

Біздің елімізде STEM білім беру технологиясын орта білім беру мазмұнына информатика пәні арқылы енгізу жүзеге асырылуда. «Робототехниканың» бастапқы негіздері мектептің цифрлық сауаттылық, АКТ, информатика пәндерінде оқытылады. Қазақстанда STEM білімдерін енгізу бойынша әдістемелік ұсынымда STEM сауаттылығының жеткіліксіздігімен байланысты мәселелерді шешу қажеттілігі атап өтілген. Ол STEM-білім берудің күрделілігі мен жан-жақтылығын атап өтіп, салалар мен күрделілік деңгейлері бойынша әртүрлі бағдарламаларды әзірлеу қажеттілігін анықтайды. (Altynsarin 2022).

Материалдар мен әдістер. 1. Шетелдік STEM білім беру стандарттары. Осы зерттеу жұмысында АҚШ-тың Next Generation Science Standards(NGSS) білім беру стандартына тоқтала кетуді ұйғардық. Ол ағылшын тілінен «Келесі ұрпақтың ғылым стандарттары» деп аударылады.

Next Generation Science Standards(NGSS) – «барлық студенттерге халықаралық стандарттарға сәйкес ғылыми білім беру үшін мазмұн мен тәжірибеге бай, пәндер мен сыныптар бойынша үйлесімді түрде ұйымдастырылған» жаңа ғылым стандарттарын жасауға арналған Америка Құрама Штаттарындағы көпштаттық бастама. Стандарттарды 26 штаттан тұратын консорциум, Ұлттық жаратылыстану ғылымдары мұғалімдері қауымдастығы, Америка ғылымды дамытуға ықпал ету қауымдастығы, Ұлттық зерттеу кеңесі және Achieve коммерциялық емес ұйымы әзірледі. Стандарттардың соңғы жобасы 2013 жылдың сәуірінде жарияланды.


Стандарттардың мақсаттары:

- Ғылыми сауатты азаматтарды қалыптастыру;
- Құрама Штаттарда оқытудың жалпы стандарттарын жасау;
- Ғылым мен техниканың барлық білім алушылар үшін өзекті және қолжетімді болуын қамтамасыз ету;
- Білім алушылардың көпшілігі колледжде ғылым және инженерия мамандықтарын таңдаулары үшін олардың арасында ғылымға деген үлкен қызығушылықты дамыту;

NGSS инженерлік жобалау мен ғылыми зерттеулерге бірдей мән береді. Олар сондай-ақ сынып деңгейі мен күрделілігі бойынша Common Core State (Бірыңғай негізгі мемлекеттік) стандарттарға сәйкес келеді. Стандарттар ғылым және техника саласындағы білім алушылардың «күтілетін өнімділіктерін» сипаттайды.

Стандарттардың маңызды аспектісі - мазмұнды оқыту ғалымдар мен инженерлердің тәжірибелерін орындаумен біріктірілген. NGSS сәйкес, дәл мазмұн мен тәжірибені біріктіру арқылы «ғылым мағынасын аша бастайды және студенттерге материалды қолдануға мүмкіндік береді» (Next Generation Science Standards, 2013).

2. STEM білім беруге байланысты шетелдік онлайн-ресурстарға шолу. Көптеген білім беру қызметтерін ұсынатын компаниялар мұғалімдерге NGSS қабылдауына көмектесу үшін NGSS сәйкес өнімдер мен ресурстарды ұсына бастады. Teach Engineering – K-12 (АҚШ-ғы балабақшадан басталатын бастауыш білімді және 12-сыныпта аяқталатын орта білімді қамтиды) білім алушыларына арналған STEM (ғылым, технология, инженерия және математика) бойынша практикалық оқу бағдарламасын ұсынатын тегін онлайн-ресурс (1-сурет). Оның мақсаты - инженерияны қолжетімді және тартымды ету, инженерлік жобалау мен жобалық ойлау арқылы мұғалімдерге STEM-дегі «Е»-ні сыныпқа енгізуге мүмкіндік беру.



Сурет 1 — Teach Engineering онлайн-ресурсы.

Ресурсты ұсынушылардың айтуынша бұл тапсырмаларды, сабақтарды, бөлімдерді, құрастырушылар есептерін, бейресми оқу тапсырмалары мен

жанды зертханаларды қамтитын рецензияланған оқу бағдарламаларының жинағы. Оның саны үнемі өсіп келе жатыр және мұғалімдер мен білім алушылар жинаққа тегін қолжеткізе алады. Бүкіл ел бойынша университеттердің инженерлік пәндерінің оқытушылары, докторанттар және K-12 мұғалімдері Teach Engineering жинағының мазмұнын әзірлеп, сыныптарда сынақтан өткізген. Жинақ «шектеулі бюджеті бар инженерияны» насихаттайды және оңай қол жетімді, қымбат емес материалдар қолданылатын практикалық сабақтарды қамтиды. Teach Engineering оқу ресурстары әртүрлі STEM білім беру стандарттарына, соның ішінде мемлекеттік жаратылыстану ғылымы және математика стандарттарына, Next Generation Science Standards (NGSS), Science and Engineering Literacy (STEL) стандарттары және Common Core Math стандарттарына сәйкес келеді. Әрбір сабақ мұғалімдер оқуды жоспарлау үшін пайдалана алатын ең жарамды стандартты сәйкестікті анықтау үшін мұқият тексеріледі.

Teach Engineering негізі 2001 жылы қаланған және Ұлттық ғылым қорымен (NSF) қаржыландырылады. TeachEngineering 60-тан астам түрлі оқу орындарының оқу бағдарламаларын жариялай отырып, жан-жақты қолдау көрсетіп отырған демеушілер мен серіктестер арқасында кеңеюін жалғастыруда. Ерекше үлес қосқан жеке авторлар әрбір оқу ресурсының соңында марапатталады. Осы жинақты жасау, дамыту және ілгерілетудегі негізгі мақсат - STEM білім беруді барыншы оңайлату және бүкіл әлем бойынша K-12 мұғалімдеріне қолжетімді ету делінген.

3. 3D-модельдеу оқушылардың инженерлік дағдыларын қалыптастыру құралы ретінде. 3D модельдеу – нысанның моделін үш өлшемді кеңістікте құру. Заманауи 3D модельдеу технологиялары күрделі және көлемді модельдерді құруға, тестілеуге және әртүрлі деңгейлерде өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді. 3D модельдеу бағдарламалық қамсыздандырулары күрделі математикалық есептеулерге негізделген, бірақ барлық есептеулер автоматты түрде орындалады және пайдаланушыға ыңғайлы интерфейсін ұсынады. 3D модельдеу ұқыптылықты, дәлдікті және табандылықты талап ететін үрдіс, сондықтан, шынайы үлгіні алу үшін модельдеудің ерекшеліктерін түсіну және есептеулерді дұрыс орындау қажет.

Мектеп оқушыларын 3D модельдеу құралдарымен (Tinkercad, Blender, SketchUp) жұмыс істеуге үйрету арқылы олардың кеңістіктік ойлауын, шығармашылықтарын және инженерлік дағдыларын дамытуға болады. Оқушылар сандық нысандарды жасауды, пішіндер мен пропорциялармен жұмыс істеуді және 3D басып шығаруға модельдерді дайындауды үйренеді. Оқушылардың инженерлік дағдыларын дамыту үшін 3D модельдеу құралдарын пайдалану – оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған іс-әрекеттердің бірі. Қазіргі заманғы білім беру ортасы оқушылардың тәжірибеге бағытталған дағдыларын, инженерлік ойлауын және жобалау қабілеттерін дамытуға бағытталған, ал бұл STEM білім беру тәсілдерін енгізу мақсаттарына сәйкес келеді.

3D модельдеу құралдары инженерлік жобалауға негізделген оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. 3D модельдерді жасау арқылы оқушылар инженерлік циклдің негізгі кезеңдерін: есептерді талдау, тұжырымдамаларды әзірлеу, сандық прототиптеу, тестілеу және жетілдіруді меңгереді. Бұл іс-шаралар кеңістіктік ойлауды, техникалық сауаттылықты, есептерді шешуге алгоритмдік тәсілді және сандық құралдарды пайдалану дағдыларын дамытады.

Білім беру процесінде 3D модельдеуді пайдалану математика, физика, информатика және технологиядан алынған білімдерді біріктіреді. Параметрлік модельдермен жұмыс істеу геометриялық түрлендірулерді, пропорцияларды, өлшемдерді және объектілердің физикалық сипаттамаларын түсінуді дамытады. Сонымен қатар, сандық прототиптеу материалдық ресурстарды қажет етпей нақты инженерлік құрылымдарды модельдеуге мүмкіндік береді, бұл білім беру процесін қолжетімді және қауіпсіз етеді.

3D модельдеу және 3D басып шығару білім алушылардың жобалық және зерттеу жұмыстарында ерекше маңызды. Техникалық құрылғылардың, роботтық компоненттердің немесе сәулет макеттерінің өз модельдерін жасау студенттердің командалық жұмыс, жоспарлау, нәтижелерді ұсыну және шешімдерді сыни тұрғыдан бағалау дағдыларын дамытады. 3D басып шығаруды қосу оқудың практикалық бағытын арттырады, сандық модельден материалдық өнімге ауысуды жеңілдетеді.

4. Орта мектептің оқушыларына арналған сауалнама. Сауалнама «Инженерлік дағдың бар ма?» деп аталады. Сауалнама орта мектептің 8-9 сынып оқушыларына арналған. Олардың жас мөлшерлері 14-16 жас. Бұл жаста бала жасөспірімдік шақтың 2 кезеңі – жоғары жасөспірімдік шақта болады. Бұл кезеңде балада белсенді физиологиялық өзгерістер, өзін-өзі анықтауға және өздігінен ізденуге ұмтылу байқалады. Топ пен құрбыларының пікірі оларға үлкен әсер етеді.

Сауалнама жынысын анықтауға арналған сұрақтан және негізгі 6 сұрақтан тұрады. Оның 4-уі жабық сұрақ, 2-уі ашық сұрақ. Сауалнамаға енгізілген сұрақтар орта мектеп оқушыларының инженерлік білім туралы ойларын білуге, дағдыларын бақылауға, жалпы ой қозғауға бағытталған. Келесі 1-кестеде сауалнамаға енгізілген сұрақтар көрсетілген.

Кесте 1 — «Инженерлік дағдың бар ма?» тақырыбындағы сауалнама сұрақтары.

<p>Жынысы: (Ер бала, Қыз бала)</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Өзіңнің бауырыңа ойыншық жасап бере аласың ба? (Иә, Жоқ, Ойланғым келмейді) 2.Бір қарапайым механизмдері немесе электрондық компоненттері бар зат көрсен құрылымын қызықтап қарайсың ба? (Иә, Жоқ, Ойланғым келмейді) 3.Механизмдер қызықтыра ма? (Иә, Жоқ, Ойланғым келмейді) 4.Қандай механизмдер білесің? 5.3D принтермен бір зат жасағың келе ме? (Иә, Жоқ, Ойланғым келмейді) 6.Қарапайым механизмдері немесе электрондық компоненттері бар затты қалай жасауға болады деп ойлайсың?

Сауалнама оқушының оңай, жылдам әрі еркін жауап беруіне ыңғайластырылып құрастырылған.

Нәтижелер. Зерттеу жұмысында STEM білім беруге байланысты Teach Engineering онлайн-ресурсына шолу жасалды. Teach Engineering онлайн-ресурсының Types of Engineering бөліміне тоқталуды жөн көрдік. «Балалар зерттеулеріне арналған инженерия түрлері» деп аталатын бөлімде «Ауыл шаруашылығы инженерлері», «Аэроғарыш инженерлері», «Биомедицина инженерлері», «Химия және биология инженерлері», «Құрылыс инженерлері», «Электр инженерлері», «Қоршаған орта инженерлері», «Механика инженерлері», «Бағдарламалық қамтамасыз ету инженерлері» деген тараулар қарастырылған. Әр тараудан балалар инженерлердің түрлерімен, олардың орындайтын жұмыстары туралы егжей-тегжейлі таныса алады, бастауыш, орта және жоғары сынып оқушылары инженерияның әр түрін көрсететін практикалық сабақтарды оқып-үйрене алады. Әр тарауда сол саланың ішкі салалары анықталып, сипатталған, сондай-ақ сол инженерлердің жұмыс орындары және әр сыныптарға арналған практикалық сабақтардың мысалдары келтірілген. Келесі 2-кестеде әр салаға қатысты мысал ретінде берілген практикалық сабақтардың тақырыптары көрсетілген.

Кесте 2 — Teach Engineering онлайн-ресурсының Types of Engineering бөлімі.

№	Инженерия түрі	Сыныбы	Практикалық сабақтардың тақырыптары
1	Ауыл шаруашылығы инженерлері	3–5	Топырақты биокөмірмен қалпына келтіру бойынша зертханалық тәжірибелер Өсімдіктердің циклдері: фотосинтез және транспирация
		6–8	Топырақтың биосоляризациясы: арамшөптерді жою үшін қалдықтар мен күн сәулесін пайдалану Күн зиянкестерді жояды: топырақтың соляризациясы қалай жұмыс істейді
2	Аэроғарыш инженерлері	3–5	Жарылған ракеталар Сабандар және салмақ
		6–8	Күн желкендері: ғарыштық саяхаттың болашағы Қағаз ұшақтары: құру, сынау және жетілдіру
		9–12	Зымыран ұшыру уақыты: стильмен ұшу Сызықтық тендеулермен ойнау
3	Биомедицина инженерлері	3–5	Бүйрек фильтрациясы Биологиялық қауіптен қорғау жобасы: костюміңізді киіңіз!
		6–8	Өмірді сақтау: жүрек қақпағын ауыстыру Құлақтан бөгде денелерді кетіруге арналған медициналық құрылғыларды жобалау
		9–12	Жасанды жүректә жорбалау байқауы Роботты хирургиялық құрылғыны жобалау
4	Химия және биология инженерлері	3-5	Қышқыл жаңбырдың әсері Қасиеттерді салыстыру үшін созылу: Пластикалық сынақ
		6-8	Қызыл қырыққабат химиясы Хроматография зертханасы
		9-12	Био-инженерлік: модельдік ақуыздарды жасау және сынау Полимерлермен байланыстыру: Термосеттік зертхана

5	Құрылыс инженерлері	3–5	Бөгеттердің күші Көпірімізді қуанышпен саламыз!
		6–8	Қаламызды бөгеттермен қорғау Құрылыс технологиялары: ең мықты көпір жасау
		9–12	Пайдалы ауылдық су сорғыларын жобалау-құру-сынау Бум салу
6	Электр инженерлері	3–5	Картоп энергиясы Жолыңызды жарықтандырыңыз: сериялық фонарь схемасын жобалау және құру
		6–8	Йогурт кеселеріндегі динамиктер LilyTiny жұмсақ құбыжықтар тірі!
		9–12	Термостатты жобалау SIK пернетақтасы
7	Қоршаған орта инженерлері	3–5	Мұхиттағы мұнайды модельдеу: мұнай бондарын сынау және жақсарту Таза ішуге жеткілікті: лас суды сүзуге арналған құрылыс құрылғылары
		6–8	Мұнай төгінділерін тазарту әдістерін шағын масштабты модельдеу Микробтар қалай жұмыс істеу керектігін біледі!
		9–12	Шағын ағынды суларды тазарту қондырғыларын салу Нөлдік энергиясы бар тұрғын үй
8	Механика инженерлері	3–5	Тырнақ: беріліс сандары және LEGO крандарын пайдаланатын қуат Қозғалтқышты іске қосыңыз
		6–8	Беру жүйесін қосыңыз Шестерня: Оны көтеріңіз!
		9–12	Арқан тартатын ұрыс роботтары Ауыр нәрсені қалай тартуға болады
9	Бағдарламалық қамтамасыз ету инженерлері	3–5	Лабиринттегі жылжу Sumobot жарысы
		6–8	Mars Rover қосымшасын жасау Автоматтандырылған еден тазалаушысына арналған программалар сайысы
		9-12	JUnit көмегімен бағдарламаларды сынау Java бағдарламалау: шекаралық тестілеу

Teach Engineering онлайн-ресурсының Types of Engineering бөлімнің өзінен ғана бірқатар жүйеленген мәліметтер алуға болады. Ал негізгі жинақтың көлемі бірнеше мыңнан асады және бұл сан үнемі өсу үстінде.

Сондай-ақ, зерттеу жұмысының мақсатына сәйкес орта мектеп оқушыларының инженериялық салаларға қызығушылығын бақылау үшін сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға жалпы 165 оқушы қатысты. Оның 86 ұл балалар, 79 қыз балалар.


Сауалнамаға қатысушылар 8-9 сынып оқушылары. Олардың жас мөлшері 14-16 жас. 62 оқушы мамандандырылған орта мектептің оқушылары, ал қалған 103 оқушы орта мектептердің оқушылары. Ресми құжаттардан алынған анықтама бойынша мамандандырылған мектеп-лицейдің анықтамасын

келтіре кетуді ұйғардық: «Мамандандырылған мектеп-лицей – оқушылардың бейімділіктері мен қабілеттеріне сәйкес жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша кеңейтілген және тереңдетілген білім беруді қамтамасыз ететін оқу бағдарламалары мен олардың негізінде әзірленетін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны». Сауалнаманың нәтижесінде мамандандырылған мектеп-лицей мен орта мектеп оқушыларының инженерлік дағдыларына байланысты алынған мәліметтер салыстырылды.

Сауалнаманың 1-сұрағы: «Өзіңнің бауырыңа ойыншық жасап бере аласың ба?» (Иә, Жоқ, Ойланғым келмейді). Сұрақ оқушыларда инженерлік дағдыларға байланысты ой қозғау мақсатымен қойылды. 1-сұрақтың нәтижесі 3-кесте мен 2-суретте көрсетілген.

Кесте 3 — Сауалнаманың 1-сұрағы бойынша алынған нәтижелер.

Жауаптар	Мамандандырылған орта мектеп		Орта мектеп	
	Саны	%	Саны	%
«Иә»	37	60	60	58
«Жоқ»	18	29	25	24
«Ойланғым келмейді»	7	11	18	18
Ерекше жауап:	«Мүмкін, әлі тырысып көрмедім»		«Бауырым жоқ»	




Сурет 2 — Сауалнаманың 1-сұрағы бойынша алынған нәтижелер.

Екі мектептің де білім алушыларының басым көпшілігі (60%-ға жуық) «Иә» деп жауап берген. Бұл сұрақ ой қозғау мақсатында қойылғандықтан ойыншықтың қандай болу қажеттігі айқын көрсетілмеген. Дегенмен, орта мектеппен салыстырғанда (24%) мамандандырылған мектеп-лицей білім алушыларының 30%-ға жуығы «Жоқ» деп жауап берген. Бұл білім алушылардың сыни ойлауы орта мектеп білім алушыларына қарағанда жоғарырақ екенін көрсетеді. Оның айғағының бірі – ерекше жауап: «Мүмкін, әлі тырысып көрмедім». Қазіргі нарықта ойыншықтың тапшылығы жоқ болғандықтан, балалар мұндай сұрақтардың төңірегінде ойлана бермейді. Ойыншықты өз қолымен жасауға болатынын ойланып, тиісінше жауап беру керек. Осы төңіректе ойланғысы келмейтін де білім алушылар табылды.

Сауалнаманың 2-сұрағы: «Бір қарапайым механизмдері немесе электрондық компоненттері бар зат көрсен, құрылымын қызықтап қарайсың ба?» (Иә, Жоқ, Ойланғым келмейді). Сұрақ ой қозғауды қарапайым механизмдер мен электрондық компоненттерге дейін терендету үшін қойылды. 2-сұрақтың нәтижесі 4-кесте мен 3-суретте көрсетілген.

Кесте 4 — Сауалнаманың 2-сұрағы бойынша алынған нәтижелер.

Жауаптар	Мамандандырылған орта мектеп		Орта мектеп	
	Саны	%	Саны	%
«Иә»	34	55	52	50
«Жоқ»	19	31	44	43
«Ойланғым келмейді»	9	14	7	7
Ерекше жауап:	«Иә, солай деп ойлаймын»			




Сурет 3 — Сауалнаманың 2-сұрағы бойынша алынған нәтижелер.

Бұл жерде сұрақ оны «өз қолымен жасау» емес, «қызықтап қарау» деп, мейілінше жауап беруді жеңілдетін қойылған. Сауалнама нәтижесі көрсеткендей «Иә» жауабының мөлшері екі мектепте бір біріне жақын, дегенмен, «Жоқ» жауабы мен «Ойланғым келмейді» жауаптарынан аздап орта мектептің оқушыларының немқұрайдылығы байқалады.

Сауалнаманың 3-сұрағы: «Механизмдер қызықтыра ма?» (Иә, Жоқ, Ойланғым келмейді). Осы сұрақта оқушылардан нақтылық талап етіліп отыр, «Механизмдер» деген ұғым төңірегінде ой қозғау. Сауалнаманың 3-сұрағы бойынша алынған нәтижелер 5-кесте мен 4-суретте көрсетілген.

Кесте 5 — Сауалнаманың 3-сұрағы бойынша алынған нәтижелер.

Жауаптар	Мамандандырылған орта мектеп		Орта мектеп	
	Саны	%	Саны	%
«Иә»	37	60	52	50
«Жоқ»	15	24	38	37
«Ойланғым келмейді»	10	16	13	13
Ерекше жауап:	«50/50»			




Сурет 4 — Сауалнаманың 3-сұрағы бойынша алынған нәтижелер.

Білім алушылар мектептің физика курсынан «Механика» ұғымымен таныс. Сондықтан ойланып жауап берген білім алушының жауабынан нақтылық көрінеді. Мамандандырылған мектеп-лицейінің білім алушылары 10%-ға артық «Иә» деп жауап берген. Сондай-ақ, «Жоқ» жауабы мен «Ойланғым келмейді» жауабының мөлшері бір-біріне жақын. Бұл білім алушылардың өз жауаптары үшін жауапкершілік алғысы келмейтінін (нақтылық таныта алмағандықтарын) көрсетеді.

Сауалнаманың 4-сұрағы: «Қандай механизмдер білесің?». Бұл ашық сұрақ. Осы сұрақтың нәтижесі арқылы білім алушылардың инженерлік дағдыларына байланысты бірқатар сұрақтарға жауап алуға болады. Сауалнаманың 4-сұрағы бойынша алынған нәтижелер 6-кесте мен 5-суретте көрсетілген.

Кесте 6 — Сауалнаманың 4-сұрағы бойынша алынған нәтижелер.

Жауаптар	Мамандандырылған орта мектеп		Орта мектеп	
	Саны	%	Саны	%
«Білмеймін»	14	22	24	23
Жалпылама жауап	14	23	22	21
Дұрыс жауапқа тырысқан	16	26	30	29
Дұрыс жауап бермеген	10	16	7	7
Бос қалдырған	8	13	20	20
Ерекше жауап:	«Генератор бульжника» (компьютерлік ойындардан)			



Сурет 5 - Сауалнаманың 4-сұрағы бойынша алынған нәтижелер.

4-сұрақ ашық сұрақ болғандықтан жауаптар 5 топқа біріктірілді.


1. «Білмеймін» жауабы;
2. Жалпылама жауап: «Компьютер», «электроника», «машина», «робот», т.б.;
3. Дұрыс жауап беруге тырысқан: «Рычаг», «насос», «батарея», «сағат», «велосипед», «лифт», «мотор», «пружина», «лего» және т.б.; жауаптар арасында «бір-біріне жалғап», «тізбектеп» және т.б. бар;
4. Жауап бермей, бос қалдырған;
5. Дұрыс жауап бермеген: «көп», «әртүрлі», «күрделі», «кейбіреуін» және т.б.

Мамандандырылған мектеп-лицейі мен орта мектеп білім алушыларының осы сұрақ бойынша жауаптары ұқсас, тек жауапсыз бос қалдырылған нәтиже орта мектеп оқушыларында 7%-ға артық. Сұрақ ашық болғандықтан білім алушылардың жауаптары шашыраңқы, жауаптар біріктірілген топтар бойынша айтарлықтай басым жауаптар тобы жоқ, яғни барлық жауап топтарының пайыздық мөлшерлемелері бірдей. Бұл көріністен оқушылардың инженерлік дағдыларының жоқтығын білінеді, яғни мектептің физика курсындағы «Механика» бөлімі бойынша білімдері тек теория жүзінде ғана қалып қойған. Оқушылардың «Механика» бөлімінің практикалық қолданысын білмейтіні анық көрінеді. Мектеп оқушылары тәжірибе жүзінде ешқандай құрастыру, жасау, дайындау жұмыстарымен айналыспайтынын білдіреді.

Сауалнаманың 5-сұрағы: «3D принтермен бір зат жасағың келе ме?» (Иә, Жоқ, Ойланғым келмейді). Бұл сұрақтың мақсаты 3D баспаға оқушылардың қызығушылықтарын анықтау. Бұл технологияны сабақтарға енгізу арқылы мектеп білім алушыларды белсенді оқуға тартудың, практикалық сабақтарды ынталандырудың және қажетті теорияны меңгеру үшін мотивацияны қалыптастырудың қосымша жолдарын табады. Сауалнаманың 5-сұрағы бойынша алынған нәтижелер 7-кесте мен 6-суретте көрсетілген.

Кесте 7 — Сауалнаманың 5-сұрағы бойынша алынған нәтижелер.

Жауаптар	Мамандандырылған орта мектеп		Орта мектеп	
	Саны	%	Саны	%
«Иә»	45	73	74	72
«Жоқ»	10	16	25	24
«Ойланғым келмейді»	7	11	4	4
Ерекше жауап:	«Иә!!!»		50/50, бірақ жасағым келеді	




Сурет 6 — Сауалнаманың 5-сұрағы бойынша алынған нәтижелер.

Сауалнаманың 5-сұрағының нәтижесіне қарап 3D принтерде жұмыс істеу тіпті оқуға аса мән бермейтін мектеп оқушылары үшін де қызықты екенін көруге болады. Екі мектептің де 75%-ға жуық білім алушылары «Иә» деп жауап берген. Ал мамандандырылған мектеп-лицейімен (11%) салыстырғанда орта мектептің білім алушыларының 4%-ы ғана «Ойланғым келмейді» деп жауап берген.

Сауалнаманың 6-сұрағы: «Қарапайым механизмдері немесе электрондық компоненттері бар затты қалай жасауға болады деп ойлайсың?». Бұл да ашық сұрақ. Осы сұрақ оқушыны нақты тәжірибелік іс-әрекетке жетелейді. Егер оқушы тәжірибе жүзінде жасап көріп жүрген болса, немесе осы тұрғыда нақты ойланған болса, онда оқушылардың жауаптары да нақты болмақ. Сауалнаманың 6-сұрағы бойынша алынған нәтижелер 8-кесте мен 7-суретте көрсетілген.

Кесте 8 — Сауалнаманың 6-сұрағы бойынша алынған нәтижелер.

Жауаптар	Мамандандырылған орта мектеп		Орта мектеп	
	Саны	%	Саны	%
«Білмеймін»	23	37	37	36
Жалпылама жауап	3	5	18	18
Дұрыс жауапқа тырысқан	20	32	21	20
Дұрыс жауап бермеген	11	18	7	7
Бос қалдырған	5	8	20	19
Ерекше жауап:	«Полет фантазии и знание материальной части», «честно, білмеймін», «білмеймін, мүмкін веб-дизайн», Chat GPT			



Сурет 7 — Сауалнаманың 6-сұрағы бойынша алынған нәтижелер.

Бұл сұрақ бойынша да жауаптар 4-сұрақтағыдай 5 топқа бөлінді.

1. «Білмеймін» жауабы;
2. Жалпылама жауап: «Компьютер арқылы», «программа арқылы», «қолмен», «робот», «телефон», «қолмен жасау», «ютубтан қарау» т.б.;
3. Жауап беруге тырысқан: «3d принтер арқылы», «бір-біріне қосып»,

«тоқтарды жалғап», «ойлану керек», компоненттерді атап көрсеткен, кезеңдерін атаған, «3d принтер арқылы», «Chat GPT», т.б.;

4. Жауап бермей, бос қалдырған;

5. Дұрыс жауап бермеген: «кәдімгідей», «оңай», «жай», «логично» және т.б.

Талқылау. Зерттеу жұмысының мақсатына сәйкес, АҚШ-тың Next Generation Science Standards (NGSS) білім беру стандарты қарастырылды. Осы стандарттың мақсаты ғылым мен инженерлік тәжірибені біріктіріп, K-12 білім беру бағдарламаларына енгізу. NGSS енгізу инженерлік концепциялар мен инженерлік жобалау принциптерін жаратылыстану ғылымдары бойынша K-12 оқу бағдарламасына біріктіру әрекеттерін белсендіруге көмектесті.

STEM білім беруді, соның ішінде инженерлік білім беруді қолдау мақсатында NGSS сәйкес келетін көптеген білім беру ресурстары дайындалды. Осындай ресурстардың бірі - Teach Engineering онлайн-ресурсы. Teach Engineering онлайн-ресурсына шолу жасау арқылы келесідей қортындыларға келуге болады:

– Онлайн-ресурстың мақсаты - STEM білім беруді жеңілдету және ол үшін барынша көп мамандар жан-жақты жұмылдырылады;

– Онлайн-ресурсқа енгізілген практикалық жұмыстар нақты тәжірибеден өткен, сондай-ақ STEM білім беру стандарттарына сәйкестігі мұқият тексеріледі;

– Ерекше үлес қосқан авторлар марапатталып, ынталандыру жұмыстары жақсы жүйеге қойылған;

– Ұлттық ғылым қорымен қаржыландырылады;

– Онлайн-ресурстың мазмұнын құрайтын практикалық жұмыстар жинағы өте бай, және инженерияның әртүрлері бойынша, сыныптар бойынша жүйеленген материалдармен қамтылған;

– Онлайн-ресурс тегін және дүниежүзінің педагогтарына қол жетімді.

Біздің елімізде STEM білімдерін енгізу бойынша әртүрлі зерттеулер жүргізіліп (Қараев, т.б., 2022), әдістемелік ұсынымдар дайындалған (Алтынсарин, 2022).

Зерттеу жұмысында мамандандырылған орта мектеп пен орта мектеп оқушыларының инженериялық салаларға қызығушылығын бақылау үшін сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға жалпы 165 оқушы қатысты, оның 86-ы ұл балалар, 79-ы қыз балалар, 8-9 сынып оқушылары, жас мөлшері 14-16 жас. Сауалнама сұрақтары оқушылардың жедел әрі еркін жауап беруіне ыңғайлы, 2 ашық және 4 жабық сұрақтардан тұрады. Сауалнаманың әрбір сұрағы жауап беруші оқушыларды әр қырынан зерттеуге мүмкіндік беретіндей маңызға ие. Келесі 9-кестеде сауалнама сұрақтарының маңызы көрсетілген.

Кесте 9 — Сауалнама сұрақтарының маңызы.

№	Сауалнама сұрақтары	Сұрақтың маңызы
1	Өзіңнің бауырыңа ойыншық жасап бере аласың ба? (Иә, Жок, Ойланғым келмейді)	Жабық сұрақ. Бұл сұрақ жалпы оқушының өзінің қолымен пайдалы зат жасай алуы туралы ойқозғау мақсатында қойылды.

2	Бір қарапайым механизмдері немесе электрондық компоненттері бар зат көрсен құрылымын қызықтап қарайсың ба? (Иә, Жоқ, Ойланғым келмейді)	Жабық сұрақ. Бұл сұрақ 1 сұрақтағы мәселені нақтыландыра түсу үшін, яғни қарапайым механизмдер немесе электрондық компоненті бар заттар туралы ой қозғау мақсатында қойылды.
3	Механизмдер қызықтыра ма? (Иә, Жоқ, Ойланғым келмейді)	Жабық сұрақ. Бұл сұрақ робототехникадағы маңызды ұғымдардың бірі – механизмдер туралы ой қозғау мақсатында қойылды.
4	Қандай механизмдер білесің?	Ашық сұрақ. 3 сұрақтағы механизмдер ұғымы туралы ой қозғаудан қарағанда нақты әрекеттерге көшу, яғни инженерияда қолданылатын нақты механизмдерді еске түсіру, олардың қолданысын көз алдына елестетіп, нақты өз ойын білдіру мақсатында қойылды.
5	3D принтермен бір зат жасағың келе ме? (Иә, Жоқ, Ойланғым келмейді)	Жабық сұрақ. Бұл сұрақ жоғарыдағы сұрақтардағы «ойыншық жасау», «механизмдер» туралы ойқозғаудың жауабы ретінде алынды, яғни, оқушының өз қолымен 3D принтер арқылы зат жасау мүмкіндігі туралы ойқозғау мақсатында қойылды.
6	Қарапайым механизмдері немесе электрондық компоненттері бар затты қалай жасауға болады деп ойлайсың?	Ашық сұрақ. Бұл сұрақ алдыңғы сұрақтардағы «ойыншық», «электронды компоненттер», «механизмдер», «3D принтер» деген жаңа ұғымдармен танысқаннан кейін оқушының қаншалықты тиянақты ой қорытындыға кететінін білу мақсатында қойылды.

Сауалнамадан алынған нәтиже бойынша екі мектепте де «Білмеймін» жауаптары бірдей (37%) және бұл көрсеткіш басқа жауаптар тобының көрсеткіштерінен жоғары. Мамандандырылған мектеп-лицейдің білім алушылары арасында бос қалдырғандар мөлшері аз (11%-ға төмен) және дұрыс жауапқа тырысқан білім алушылар көбірек (12%-ға жоғары). Жауаптардың арасында «Қайдан білемін» деп эмоциямен жауап берген де оқушы бар. Оқушылардың жауаптарынан нақты тәжірбелері болмағандықтан біраз бөлігі дұрыс жауап беруге тырысқандықтары ғана көрінеді, ал жалпылама алғанда, жауаптары шашыраңқы, толық ойланбаған, дұрыс жауап бергісі келмеген, немесе көпшілігі «білмеймін» деп нақты жауап берген. Нақты тәжірибеге бағытталған сұрақтың нәтижесінен шығатын қорытынды: оқушылардың инженерлік дағдылары өте төмен немесе «жоқ» деп айтуға болатын деңгейде.

Сауалнаманың ерекше тоқтала кететін тұсы «3D принтермен бір зат жасағың келе ме? (Иә, Жоқ, Ойланғым келмейді)» сұрағына алынған жауаптар болып отыр. Бұл сұраққа 75%-ға жуық жауап берушілер «Иә» жауабын таңдаған. Бұл оқушылардың өз қолымен бір затты жасауға қызығушылықтары өте жоғары дегенді білдіреді. Демек, оқушылардың инженерлік дағдыларын қалыптастыру жалпы дұрыс жолға қойылмаған, жалпы инженерия, робототехника салалары бойынша сауаттылықтары төмен. Сондықтан сауалнаманың басқа сұрақтарына шашыраңқы, немқұрайлы немесе «білмеймін» деген жауаптар алынды.

Қорытынды. Қазіргі уақытта мемлекеттік ғылым стандарттарының көпшілігі инженерияны қамтиды. Елімізде STEM контекстінде білім беру мазмұнын қайта құрылымдау жүргізілді. Сондай-ақ STEM білім беруге байланысты бірқатар зерттеулер жүргізіліп, STEM білім беруге байланысты әдістемелік нұсқаулық (Altynsarin, 2022), ізінше, STEM тұжырымдама дайындалды (Altynsarin, 2023). Бұл құжаттарда еліміздегі STEM білім берудің нақты жағдайы талқыланған және шешімін табуы тиіс нақты мәселелер көтерілген. Осы мәселелердің бірі – орта мектептерде STEM контекстіндегі инженерлік білім беруді дамыту. Осыған орай, зерттеу жұмысында шетелде инженерлік білім беру мәселелерін қандай жолмен шешуге ұмтылатындықтарын зерттеу болды. Ол үшін беделді Next Generation Science Standards (NGSS) - STEM білім беру стандарты қарастырылды және осы стандартты жүзеге асыруды мейлінше жеңілдетуге ұмтылатын Teach Engineering онлайн-ресурсы талқыланды. Сонымен қатар, «Инженерлік дағдың бар ма?» тақырыбында орта мектеп оқушыларына сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға қатысқан мамандандырылған мектеп-лицейі мен орта мектеп оқушыларының жауаптары жалпылама алғанда, ұқсас болып келді. Сондай-ақ, оқушылар сауалнамада бар ашық сұрақтарға шашыраңқы жауап берді. Оқушылардың жауаптарынан нақтылық, сенімділік байқалмайды, сенімділікпен айтылған «білмеймін» жауабы екі мектепте де 37%-ды құрайды. Басқа көрсеткіштер бойынша да жалпылама ұқсас нәтижелер көрсеткендіктен білім алушыларда нақты инженерлік дағдылардың қалыптаспағаны көрінеді. Демек, оқушыларда жалпы жасау, құрастыру, құру және т.б. нақты практикалық дағдыларының жоқтығы көрінеді.

Зерттеу нәтижесінен шығатын тағы да бір қорытынды, 3D басып шығаруға оқушылардың ерекше қызығушылығын және инженерлік дағдыларды дамытудағы 3D басып шығарудың рөлін атап өтуге болады. 3D басып шығару оқушылардың кеңістіктік ойлауын дамытады, яғни 3D модельдермен жұмыс істеу барысында нысандардың геометриялық пішіндерін, пропорцияларын және дизайн ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі. Сондай-ақ, 3D технологиясын түсінуге мүмкіндік береді, яғни, 3D принтердің жұмысымен танысу, басып шығару параметрлерін орнату және материалдарды таңдауды орындау сияқты әрекеттер. 3D басып шығару көбінесе жобалық іс-шараларда қолданылады, ал бұл командалық жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады.

Зерттеу жұмысын одан әрі жалғастырып, жалпы болашақта инженерлік білім беруге көмектесетін оқу бағдарламасын дайындап, оны сынақтан өткізу жоспарлануда.

References

Asghar A., Ellington R., Rice E., Johnson F., & Prime G.M. (2012) Supporting STEM education in secondary science contexts. *The Interdisciplinary Journal of Problem-Based Learning*, 6(2). — P. 85–125. Available at: <https://doi.org/10.7771/1541-5015.1349>. (in English)

Cunningham C.M., & Kelly G.Y. J. (2017) Epistemic practices of engineering for education. *Science Education*, 101(3). — P. 486–505. <https://doi.org/10.1002/sc.21271>(in English)

Capobianco B.M., Nyquist C. & Tyrie N. (2013) Shedding light on engineering design. *Science and Children*, 50(5). — P. 58-64. (in English)

Ciftci A., Topcu M. S., & Erdogan I. (2020) Gender gap and career choices in STEM education: Turkey sample. *International Journal of Progressive Education*, 16(3). — P. 53–66. (in English)

Dierking L.D.; Falk J.H. (2020) Vision: Envisioning a New Generation of STEM Learning Research. *Cult. Stud. Sci. Educ.* 2016, 11. — P. 1–10. (in English)

Ferrari P.(2020) Trends in Learning|STEAM, STREAM, STEM Acronym; cApStAn: Philadelphia, PA, USA. (in English)

Guo J.; Woulfin S. (2016) Twenty-First Century Creativity: An Investigation of How the Partnership for 21st Century Instructional Framework Reflects the Principles of Creativity. *Roeper Rev.* 38. — P. 153–161. (in English)

Kelley T.R., & Knowles J.G. (2016) A conceptual framework for integrated STEM education. *International Journal of STEM Education*, 3(1), 11. Available at: <https://doi.org/10.1186/s40594-016-0046-z>(in English)

Karaev Zh.A., Beisembaev G.B., Mazbaev O. (2022) Didakticheskie voprosy` razvitiya sistemy` obrazovaniya na osnove STEM-podxoda [Didactic Issues of Developing an Education System Based on the STEM Approach], *Bilim – Obrazovanie [Bilim – Education]*. — №1. — P. 5-15 (in Russian)

Konsepsia STEM-obrazovania. [The concept of STEM education]. — Astana: NAO imeni Y. Altynsarina [Astana: NAO named after Y. Altynsarin], (2023). — 16 p. (in Russian)

Moore T.J., Glanc, A.W., Tank K.M., Kersten J.A., Smith K.A., & Stohlmann M.S. (2014) A framework for quality K-12 engineering education: research and development. *Journal of Pre-College Engineering Education Research (J-PEER)*, 4(1). — P. 1–13. <https://doi.org/10.7771/2157-9288.1069> (in English)

Margot K.C., & Kettler T. (2019) Teachers' perception of STEM integration and education: A systematic literature review. *International Journal of STEM Education*, 6(1), 2. Available at: <https://doi.org/10.1186/s40594-018-0151-2>. (in English)

Martin T., Baker Peacock S., Ko P., & Rudolph J.J. (2015) Changes in teachers' adaptive expertise in an engineering professional development course. *Journal of Pre-College Engineering Education Research*, 5(2), 4. <https://doi.org/10.7771/2157-9288.1050> (in English)

"Next Generation Science Standards". Retrieved 12 May 2013. <http://www.nextgenscience.org> (in English)

Radloff J., Capobianco B., & Dooley A. (2019) Elementary teachers' positive and practical risk-taking when teaching science through engineering design. *Journal of Pre-College Engineering Education Research*, 9(2), 4. <https://doi.org/10.7771/2157-9288.1208> (in English)

Restrukturizatsia soderjania srednego obrazovania na osnove STEM-tehnologii [Restructuring the content of secondary education based on STEM technology] *Nasionalnaia akademiia obrazovania imeni I. Altynsarina. Altynsarin* [National Academy of Education named after I. Altynsarin. Altynsarin], (2022). — 120 p. (in Russian)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Requirements for articles design for publication in the journal are available on the websites:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Managing Editor: A.Shormakova

Editors: D.S. Alenov, M.Konyrbekov

Computer layout: G.D. Zhadyranova

Подписано в печать 27.04.2026.

46,0 п.л.

Заказ 2.